

Қазақ отбасындағы қыздар тәрбиесінің ерекшеліктері



Әженің және ананың қыз бала тәрбиесіндегі рөлі



Қазақ отбасындағы қыздар тәрбиесінің ерекшеліктері



Қазақ халқының қыз бала тәрбиесіне қоятын талаптары



«Ел болам десең бесігіңді түзе» , «Тәрбие – тал бесіктен» деп дана халқымыз айтқандай парасатты, зерек, кішіпейіл, адал, адамгершілігі мол ұрпақ ұлтымыздың басты құндылығы. Саналаы да білімді жас ұрпақ болашағымыздың кепілі. Бала тәрбиесінде ең маңызды рөл атқаратын әрине ол отбасы екені мәлім. Сәби күнінен ананың әлдиімен ақ бесікте тербетіліп, асыл әженің ертегісін тыңдап тәтті ұйқыға батып өскен әрбір қазақ топырағының перзенті жаман болмайтыны анық. Сәби дүние келгеннен бастап салт-дәстүріміз бойынша жоралғыларын жасап, ұлттық құндылықтарымызды санасына сіңірсек ұлтымыздың ұлы азаматы болары сөзсіз. Тәлім – тәрбие беруде салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызды пайдалану ең бір оңтайлы тәсіл. Себебі, баланың қырқынан шығару, ақ бесікке жатқызу тазалыққа, бесік жыры мейірімділікке, тұсау кесер адалдық пен адамгершілікке, сүндетке отырғызу мұсылмандығын тануына өз септігін тигізеді. Сондықтан әр ата – ана балаға тәрбие берумен қатар сол берілген тәрбиенің ұрпақ болашағы үшін маңызды екенін ескерген жөн.





Қазақ халқы ежелден бала тәрбиесіне баса назар аударған. Қыз баланың тәрбиесіне анасы, ұл баланың тәрбиесіне әкесі жауапты болған. «Қызға қырық үйден тыю» деп қыз баланы болашақ ана ретінде сыпайылыққа, ізгілікке, инабаттылық пен ибалылыққа тәрбиелеп, жат жұрттық ретінде сыйлап, құрметпен қатар ақыл кеңесін айтып отырған

Ана тілімізде «қыз» деген сөз бар. Ол ең қасиетті де, құрметті сөз.

Қасиетті болатыны- бүкіл адамзат әйелден тарайды: қыз келін болады, келін - анаға айналады, ал ана-әже деген зор дәрежеге жетеді. Осы арқылы ұрпақ өсіріп, ұлт қатарын көбейтеді.

Қазақ халқы қыз баланың қадір қасиеті мен қылығы ұлттық ұлылығын танытады деп халықтық болмыспен астастырған. Сондықтан қыздың тәрбиесіне ерекше мән беріп, сол тәрбиені қалыптастырудың жолына барлық игі жақсылықтарды топтастырған.

Қызды тәрбиелеу, өсіру, бойжеткізу ең маңызды мәселе. Қыз өсіру гүл өсірумен бірдей! Гүлге әлсін-әлсін су құйып, ауа жеткізіп, арам шөптерден тазартып отыру керек. Бұндай тиянақты күтім болмаса гүл солып қалады.

Қыз да сондай. Оған тәлім мен тәрбие, өнер мен өнеге беру маңызды мәселе болып табылады. Әр ата-ана өз қызын өнегелі етіп өсіруге бар күшін салады.


Әр қыз өз отбасының тәрбиесінен ұядан ұшып, өмір деген үлкен әлемге қанат қағады. Қазақ қыздарына ғасырлар бойы осындай отбасылық тәрбие берумен өсірді.

Қыз бала тәрбиесінде ананың орны ерекше. Ана қыз бала тәрбиесінде әкеге қарағанда ерекше қызмет етеді. Басқа ұлтқа қарағанда біздің қазақ қыздарының бойында ізеттілік, ар-ұят, ұяңшақтық, үлкенге қызмет көрсету, жан ашу қасиеттері қызының бойына сіңіретін ең бірінші- ол анасы.



**Ұрпағымыздың бойына ұлттық тәрбиені,
имандылық қасиеттерді
сіңірсек, халқының әдеп-салтын жақсы білетін,
ата-анасын сыйлайтын, ел
үшін еңбек ететін ұрпақ тәрбиелеген боламыз.**

**Халқымызда «бір ұл тәрбиелесең бір әулетті
тәрбиелегенің, бір қыз
тәрбиелесең бір ұрпақты тәрбиелегенің» деген
дана сөз бар. Әубәкір сынды
үлкен ақын «Қыз бала – үйдің бояуы» деген екен.
Сол кісінің айтқанындай
қыз әлемнің көркі, әрі ұрпақты көбейтуші. Қыз
баланың тәрбиесін ұлттық
болмыстың барлық іргетасымен астастыратын
халықтық қағиданы бүгінгі
таңда біз де қалтықсыз ұстануымыз қажет.**



Ертеде ата-бабаларымыз, әлемдегі сұлулықтың көркем үлгісін ару қыздың тал бойынан көруді көксеген. Қыр гүліне тән нәзіктік пен батылдық бір бойына жарасқан қазақтың қыздарына тәнті болған жазушыларымыз шығармасына арқау етсе, ақындарымыз инабаттылығы мен нәзіктігін әнге қосып, өлең өрнектерімен көмкерген.

Өлең...


Халқымыз дене сұлулығына, әсіресе қыз баланың көрікті болуына ерекше көңіл бөлген. Аналар «Аттың көркі – жал, қыздың көркі шаш» деп ұққан. Қыз баланың шашын жақсы өсіру үшін айранмен, ірімшіктің сары суымен немесе қынамен жудырған. Шаштарын қос бұрым немесе бестемше етіп өру бойжеткен қыздардың көркі болған. Қыз бен жігіт айтысындағы: «Атымды әкем сүйіп Несіп қойған, шашымды бестемшелеп есіп қойған» деген сөз тіркестері осы пікірді дәлелдейді.

Халық жанрларында аруларды «Шашының ұзындығы ізін басты» немесе «Қыпша бел, қиылған қас, қолаң шашты» деп сипаттаған. Халық даналығы арулардың киім киісіне де ерекше мән берген. «Адам көркі – шүберек, ағаш көркі жапырақ», «Қыз өссе – елдің көркі» деп қыз баланы қынама қамзол, дүрия бешпент, кәмшат бөрік, қос етек көйлек, биік өкше етік тіктіріп кигізген. Сырға, білезік, шолпы, шашбау, жүзік сияқты әшекей заттарды тақтырған. «Қыздың көзі қызылда» деген мақал да қыз баланың әшекей заттарға үйірлігін білдіреді. азатылған қыздың ауылында айтылатын «Жар-жар», «Жұбату», «Сыңсу» өлеңдерінде, келін түсіру тойларында орындалатын «Беташарда» қыздың, жас келіннің басты – басты киімдері, сән-салтанаты, сұлулық бейнесі мақтала жырланған.


Қазақ халқында қыз баланың көрікті болып өсуіне анасы ерекше көңіл бөліп, «аттың көркі- жылқы, қыздың көркі- шашы» деп, қыздың шашын күтіп өсіруді өнер санаған. Ол үшін оның шашын айранмен, қынамен жудырған. Шаштарын «қос бұрым» немесе «бестемше» етіп өру бойжеткен қыздың көркі болған. Қазақ халқының жырларында қазақ қыздарының шаштарын керемет суреттеген: «шашының ұзындығы ізін басқан», «шаштарын он күн тарап, бес күн өрген», «қынша бел, қиылған қас, қолаң шашты».








Қыз баланың жақсы болып өсуіне оның өскен ортасының, бірге жүрген құрбы-құрдастарының, дос-жарандарының да әсері күшті. Қазақтың «қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол», «қызға қырық үйден тыю» деген нақыл сөздері сол өмір тәжірибесінен алынған. Сонымен қазіргі заманғы қыздардың бойынан ақылдылық, инабаттылық, сымбаттылық, көріктілік және де іскерлік қасиеттері табылуы тиіс.



Атам қазақ ұрпақ тәрбиесіне ерекше ден қойған. Шарананы құрсақтан тәрбиелеп, ата салтын бойына дарытқан. Әсіресе, қыз баланың тәрбиесіне баса көңіл бөлген. Себебі- бүгінгі бүлдіршін қызды «ертең ибалы келін, одан соң абзал ана атанады» деп тәрбиелеген. Демек, ертең елдің батыры мен ақынын, көреген көсемін, сөзуар шешенін, тор жарар дүлділін де, өмірге әкелетін- ана. Сол себепті қыз баланы қонақ деп санап, бетінен қақпай, «қызға қырық үйден тыю» дей отырып, еркелетіп, ибалы, инабатты, тәрбиелі, арнамысын алдыңғы орынға қоятын ару етіп өсірген. Құлағында шолпысы, шашында шашбауы бар жан сұлулығы тең қазақ қызының басты тәрбиешісі ана болған. «Есті қыз етегін жабады» деп, ұзын көйлек кигізіп, қыздың талшыбықтай бұралған сырт-келбетін сұқ көздерден сақтаған. Аналар қыздың киім киінісіне, жүріс-тұрысына, қай ортада болсын, өзін-өзі қалай ұстау керектігіне, үлкеннің алдын кесіп өтпеді, кішіге ізет көрсетуді құлағына құйып отырған.

Қазақ аналары сонымен қатар, «Қызым үйдеғ қылығы түзде», «Шешесі қыдырмашыл болса, қызы бастаңғышыл болады» деп өзіне де барынша шектеу қойып, қызының әрбір ісін бағамдап отырған, «шеше тұрып қыз сөйлеуден» безген. Бойжеткен қыздың еркімен қыдыруын шектеп, құрбы-құрдасымен көңіл көтеру үшін алтыбақан, ақсүйек, бастаңғы, тоқым қағу сынды жастар бас қосатын ортаға ғана жіберетін болған. Бірақ, қыз баланың әр басқан қадамы анаға аян болып отыратын. Ертеңгі күні келін юолып түскен ауылда өз отбасының, бір рулы елдің бетіне таңба болмасы үшін ар-намысын аяққа таптатпауды жалықпай санасына сіңіріп, қадап айтып отырған.






Адамзаттың ұлы анасы, ортақ анасы-
Хауа ана да қыз болған. Бүгінгі қыз-
ертең бір әлеуеттің оң жағын
қызартып, отау тігетін келіні. Желегі
желбіреген сол келін өмірге ұрпақ
әкеліп, ақ жаулықты ана атанады. Ал
аналар- елдің тәрбиешісі, ұлттың
беломыртқасы, берекенің бесігі.
Іргетасы мықты соғылған үйдің
ұзаққа шыдайтыны секілді, жақсы
тәрбиенің қаймағын қалқып ішкен
қыздан көргенді келін, білікті ана
шығады. Әйел-аналар өнегелі болса,
елдің көсегесі көгеріп, керегесі кең
жайылады. Төрт қанаты түгел,
отының басы бүтін болады.
Парасатты ананың тіккен
шыбығынан бәйтерек өсіп, арғы
ұрпағына саясын түсіреді. Осының
бәрін терең ойлап, алыстан зердлеген
бабаларымыз «қызға қырық үйден
тыю, қала берді қара күннен тыю»
деген екен.

Қызға 40 үйден тыйым

1. Жарыса сөйлеуге
2. Жалғыз қыдыруға
3. Жыртақтап күліп, сыпсыңдап сөйлеуге
4. Орынсыз ұрынуға
5. Басқаларға қол тигізуге
6. Өтірік, өсекке
7. Суық жүріс, сумаң қылыққа
8. Кісіге қарай керіліп есінеуге
9. Талтайып отыруға
10. Шалқайып жатуға
11. Тамақты обырлана асауға
12. Ұрлық-қарлыққа
13. Ұятты мүшелерін ашып жүруге
14. Бұраңдап қылымсуға
15. Қызыл іңірде жатуға
16. Түске дейін ұйықтауға
17. Кісі алдында киім ауыстыруға
18. Салт-дәстүрден аптауға
19. Елді ғайбаттауға
20. Үлкендердің жолын кесіп, атын атауға
21. Ішімдік пен шегімдікке
22. Ұрыс-керіске
23. Беттен алып, бет жыртысуға
24. Қараулыққа, ысырапқа
25. Рахымсыздық пен қатыгездікке
26. Түнде суға жалғыз баруға

27. Жат жыныстылармен араласып жатуға
28. Күйеуге қашып тиюге
29. Әдепсіз сөзге
30. Тәрс-түрс етуге
31. Адам мен жануарларды тебуге
32. Кісіні қорлап жәбірлеуге
33. Тақабарлық пен сыйқымазақ жасауға
34. Айғай сүреңге
35. Шектен тыс сыланып жасануға
36. Қызғаншақтық пен күншілдікке
37. Менмендік пен өзіншілдікке
38. Алдап-арбауға
39. Көрсеқызарлыққа
40. Нәпсі құмарлыққа тыйым



**Тәрбие отбасынан
басталады. Қазақ
отбасындағы қыз бала
тәрбиесі оң жолға қойылуы
керек. Келешекте ұлттық
салт- дәстүрлермен
тәрбиеленген қыздар ел
қорғайтын ұлтжанды жас
ұрпақты тәрбиелей
алатынына біз сенімдіміз.**

A decorative frame made of gold beads and pink and purple flowers surrounds the text. The background is a solid pink color.

Назарларыңызға
рахмет